# НҰРА

№ 11(5147) сенбі
13 наурыз 2010 жыл

Газет 1963 жылдан шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті


*В Правительстве*

## Дорожная карта бизнеса-2020

НОВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ –
НОВЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ПОДЪЕМ –
НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ КАЗАХСТАНА

В своем нынешнем Послании «Новое десятилетие – новый экономический подъём – новые возможности Казахстана» Президент РК четко дает понять, что она новом этапе развития «Ядром диверсификации будет предпринимательство. Мы хотим видеть мощный предпринимательский класс, готовый брать на себя риски, осваивать новые рынки, внедрять инновации. Именно предприниматели, являются движущей силой модернизации экономики».

В своих поручениях Правительству он предлагает обеспечить введение единой бюджетной программы по развитию предпринимательства в регионах, целью которой станет создание постоянных рабочих мест за счет развития нового слоя предпринимательства в регионах, прежде всего, малого и среднего бизнеса. «Дорожная карта бизнеса-2020» откроет новые возможности, как для предпринимательства, так и для банков и инвесторов по финансированию несырьевых проектов».

Министерство экономики распределяет общие лимиты финансирования для каждого региона, а местные исполнительные органы самостоятельно распределяют общий лимит по направлениям реализации программы (по согласованию с МЭБП):

– субсидирование ставки вознаграждения по кредитам для новых проектов,
– частичное гарантирование кредитов для новых проектов,
– развитие производственной инфраструктуры,
– сервисная поддержка ведения бизнеса,
– подготовка кадров, молодежная практика и социальные рабочие места (компонент вводиться с 2011 года).

Приоритетными секторами будут считаться:
–металлургия, металлообработка и машиностроение;
- химическая и нефтехимическая промышленность;
- фармацевтика;
- производство строительных материалов;
- АПК, за исключением производства пшеницы;
- туризм;
- легкая промышленность;
- услуги, за исключением торговли, операций с недвижимым имуществом и бытовых услуг;
- участниками проекта не могут быть крупные предприятия металлургического сектора.

Основная задача реализации данного направления - это развитие региональных производственных площадок с подведенной инфраструктурой. Окончательный вариант программы будет презентован Главе государства и, в случае ее одобрения и принятия с учетом завершения формирования уточнения бюджета, программа будет обсуждена с партией «Нур Отан» и внесена в Парламент вместе с бюджетом.

*Кездесу*

## Тіршілік тірегі, өмірдің гүлі - әйел

«Нұр Отан» ХДП-ның аудандық филиалында партия төрағасы, аудан әкімі Серік Шайдаров ауданымызға еңбегі сіңген түрлі салада қызмет істеген әйел-аналарды гүл шоқтарымен қарсы алып қабылдады. Олардың ішінде Қазақстан ССР-нің еңбек сіңірген ұстазы Раушан Шкенова, партия белсендісі, «Парыз» пікірталас клубының жетекшісі Әдиша Есмағамбетова, сауда саласының ардагері Агафья Цой, сыбайлас жемқорлықпен күрес кеңесінің мүшесі Людмила Пронина, облыстық Мәслихат депутатының көмекшісі Светлана Омарова, көпбалалы ана, тыл ардагері Айдын Шілдебаева бар.



Ең алдымен оларды мерекемен құттықтай отырып аудан басшысы:
- Қымбатты аналар, құрметті бүгінгі кездесуге қатысушылар!
Біздің кездесуіміз өміріміздегі ең бір ерекше мемлекеттік мереке 8 наурыз қарсаңында өтіп жатыр. Бұл кездесуге аудан тарихының әр уақытында адал еңбек етіп, еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуына сүбелі үлесін қосқан ардақты апаларымыз қатысып отыр. Елбасының жүргізіп отырған саясатына сәйкес Қазақстан әйелдер мен аналардың, балалардың құқы мен мүддесін қорғау саласында едәуір жетістікке қол жеткізді.

Осының арқасында әйелдердің саясатта, экономикада, білім беруде, отбасында теңдікке қол жеткізіп , қоғамдық саяси және мәдени өмірге белсене араласып қоғамдағы тыныштық пен келісімді сақтауға ықпал етіп келеді, -дей келе дөңгелек үстел басына арнайы шақырылған әйелдерге сөз кезегін берді.

Раушан Кәрімова апамыз ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызметте болған, білім беру ісінің үздігі. «Балапан» бағдарламасын жүзеге асырылуы жайында сөз қозғады.

- Құрметті Серік Жаманқұлұлы. Біріншіден сізге өзімнің атымнан осы кездесуге қатысқаныма алғысымды айтамын . Менің Ана , Әже ретінде сұрайтыным Елбасының биылғы Жолдауында « Балапан» бағдарламасы туралы айтылды. Осы жұмыс біздің аудан көлемінде қалай іске асырылады?

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында , « Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн...» айтқаны белгілі. Халықтың жағдайы жақсаруына және балалардың саны көбеюіне байланысты балабақшаға кезек те өсуде. Егер 2009 жылы кезекте 74 өтініш болса, бүгінгі таңда өтініштер саны 90-га жетті. Бұл тек қана Киевка кентінде, ал аудан бойынша 2-5 жас аралығында 220 бала кезекте тұр.

Елбасының тапсырмасын орындау барысында мектеп жасына дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін ауданымызда аймақтық бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жұмыс жасалуда.2010 жылға Киевка кентінде 95 орындық балабақшаны қайта құру үшін Республикалық бюджеттен бастауға 50 млн. теңге мақсатты трансферт және 2011 жылы аяқтауға 106 млн. теңге бөлінді.

2011-2015 жылдары ауылдық жерлерде мектепке дейінгі мекемелерді кезеңді ашу жоспарлануда (Щербаков, Ахметауылы,Тассуат ,Шахтер, Пржевальское ауылдарында)-, деп жауап қайырды аудан әкімі.

Одан соң сөз алған денсаулық сақтау саласының үздігі – ардагері, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, Бақыт Қайырбекова есімі аудан, облыс көлемінде танымал. Апамыз әлі де болса бұл саладан қол үзбей, жанашырлық танытатындығын білдірді.

- Менің бір кездері сіңірген еңбегімді елеп, ұмытпай шақырғаныңызға ризамын. Осы бас қосуға келіп, бір жиырма жасқа жасарғандаймын- деп ағынан жарыла келе, жолдасы, көп жылдар бойы аудандық медицина саласында қажырлы еңбек еткен, ауданның абзал азаматы Зекен Қайырбековпен бірге осыдан 50 жыл бұрын Нұра жеріне жолдамамен келіп, «елім-жерім» деп осында мәңгілікке қалғанын тілге тиек еткен Бақыт Несіпбайқызы жас мамандардың бойында патриоттық сезім қалыптастыру және жастарға қандай қамқорлық жасалады деген сұрақты алға тартты.

Бұл сұраққа жауап бере келе, аудан әкімі, 18 пәтерлі үйдің қайта тұрғызу жұмыстары аяқталған соң, 4 медицина қызметкерлері – жас мамандар екі бөлмелі пәтерлермен қамтылады, үй сатып алу үшін жергілікті бюджетте несие қарастырылған және басқа да қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып көмектің барлық түрлерімен қамтылатынын жеткізді.

Отырысқа келген аналар әйелдер үлкен әсермен, көтеріңкі көңілмен тарасты. Соңында «Нұр Отан»-дықтар қонақтарға арнайы сыйлықтар тарту етті. Аудан басшысымен суретке түсті.

**Бикен АХМЕТОВА**

*Аудан әкімдігінде*

## Аналарға құрмет



8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында аудан әкімі С.Шайдаров өңірдің әлеуметтік экономикалық дамуына өзіндік үлес қосқан ардагер аналарды үйлеріне барып құттықтап, оларға гүл шоқтары мен бағалы сыйлықтар табыс етті. Ең алдымен ат басын тіреген 90 жастағы Әлиша Несіпбаеваның отбасы болды. Әжеміз өмір бойы мал шаруашылығында сауыншы болып еңбек еткен, қазір бейнетінің зейнетін көріп отырған аяулы ана, төрт бала туып, өсірген бүгінде немере, шөбере сүйіп отырған қадірлі қария. Аудан әкімінің арнайы келіп құттықтауына әжеміз ризалығын білдіріп, батасын берді және шөбересімен бірге аудан басшысымен суретке де түсті.
Адамзатты жарататын әйел, ұлтын көбейтетін - әйел, ұрпақты ұластыратын әйел десек, олардың жүзін мұң шалмауы үшін барлық жақсылықтың жасалатыны анық. Осындай қағиданы ұстанған жергілікті атқарушы билік олардан қамқорлығын аямауда.

*Жолдау жолымен*

## Қызу қолдаймыз!

Біз, Жараспай орта мектебінің ұжымы Елбасының кезекті жолдауын тыңдап, үлкен қуанышқа бөленіп отырмыз. Президентіміз жаңа жолдауында бүгінгі танда қай салада болсын өзекті болып отырған көп мәселелерге тоқталып өтіпті.

Ел Президенті осы заманғы білім беру жүйесін жетілдіруге айрықша назар аудара отырып, 2020 жылға дейін қалалық және ауылдық жерлерде бала-бақшамен қамтамасыз ету, мектепке дейінгі «Балапан» бағдарламасына ерекше назар аударды.

Елбасымызға еңсемізді көтеріп, халықтың көңілінен шығатын іс-шаралар жасауға жол сілтеп отырғаны үшін аса ризамыз.

Президентіміздің Қазақстан халқына жолдауын, біз, мұғалімдер қауымы толығынан қолдаймыз және Отанымыз – Қазақстанды одан әрі гүлдендірейік деген бастамасын қуаттай отырып, оған тиісті үлесімізді келешекте қоса беретін боламыз.

**Г.С.Мұстафина**
**Жараспай орта мектебінің мұғалімі**


**«Новый университет Астаны, созданный по инициативе Нурсултана Назарбаева – первый вуз международного уровня в Казахстане.**
**Университет объявляет набор студентов для обучения на первом базовом курсе программы бакалавриата Foundation UCL (University Colleqe London) в 2010-2011 учебном году.**
18-19 марта будут проведены презентации Нового университета Астаны в Карагандинском экономическом университете Казпотребсоюза (ул.Академическая, 9)
**Приглашаются все желающие принять участие в презентациях и встретиться с представителями Нового университета Астаны, Британского Совета и UCL**
**Подробная информация – на сайте Нового университета Астаны www.nu.edu.kz и в областном Департаменте образования.**
**Контактный телефон в г.Астане: +7(7172) 928350»**


*ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!*

«Нұр Отан» халықтық - демократиялық партиясының аудандық филиалы партиялық бақылау комиссиясы төрағасы, елінің ортасында абыройлы қызмет етіп, көпшіліктің батасына бөленіп, еңбегімен еліне елеулі болып отырған **Балмагамбет Рахимовты** 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтайды.

Сіздің ауданымызға жасаған еңбектеріңіз үшін үлкен алғысымызды білдіре отырып, өзіңізге қуатты денсаулық, өмірдің арнаған бақытын, көңілдің тасыған шаттығын, ғұмырдың сәнді ұзақтығын тілеймін.

Ауданымыздың гүлденуіне өз үлесіңізді қосып, еліміздің арқа сүйер азаматтарының бірі болып, аман-сау болыңыз..

**«Нұр Отан» ХДП-сының аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі С.ШАЙДАРОВ.**

Мереке мерейі

## Әлемді аялы алақанымен тербеткен

**Халқымызда "Жәннат - ананың табанының астында", деген қанатты сөз бар. Өмірге ұрпақ әкеліп, тәрбиелеп - өсіріп, тіршілікке тірек болған асыл мұраттары мен қажырлы қайраттары үшін біз ардақты ана мен асыл жарға, аяулы қарындасқа әрдайым құрметпен қараймыз» Н.Назарбаев.**

Қыстың қақаған қытымыр суығынан кейін кектеммен бірге гүлдей жайнап жететін және әлем елдері болып тойланатын әсемдік пен нәзіктіктің, махаббат пен үміттің символы 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Бұл мереке әр адам үшін маңызды десек артық айтқанымыз емес шығар. Себебі ана - өмірдің тірегі, отбасының ұйытқысы. «Ана бір қолымен бесік тербетсе бір қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөз де тегіннен тегін айтылмаса керек.

Көпбалалы отбасыларды әлеуметтік қорғау, гендерлік теңдік, іскер әйелдер ортасынан жаңа есімдерді шығару мақсатында аудан әкімі Шайдаров Серік Жаманқұлұлының қатысуымен ардагерлер мен тыл еңбеккерлері, Батыр –аналар мен қоғамның дамуына айырықша үлес қосқан аналарымыз мен апаларымызға ерекше сый-сыяпат құрмет көрсетілді. Сондай-ақ аудан әкімі атынан ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына айырықша үлес қосқан аналарымызға құттықтау қағаздары жолданып, ардагер аналар мен тыл еңбеккерлері , ана-апаларымызға жеке қабылдаулар жүргізілді.

Сейтіп, 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік, қоғамдық-саяси, мәдени іс-шаралар бір апта бұрын басталып та кетті. Апта басында Нұра ауданынан облыс әкімі Серік Ахметовтың қабылдауына көп балалы ана, «Күміс алқа» иегері Ғалия Маканова, Киевка№3 орта мектебінің үздік мұғалімі Күлпаш Қозыбаева, аудан әкімі аппаратының жауапты қызметкері Алмагүл Қайырбекова барса, аудан әкімінің мерекелік қабылдауында 8 әйел болды, үш еңбек ардагерін аудан басшысы өз отбасыларына барып құттықтады, ал жергілікті жерлерде әлеуметтік жағынан аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі жандар, үй шаруасындағы аналар мен кейуаналар, жұмыссыз отырған келіншектерге арнайы қайырымдылық акциялар өткізілді.

«НұрОтан» ХДП-ң аудандық филиалында аудандық партия ұйымының төрағасы, аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаров қабылдау өткізді. Кездесу барысында ауданымыздың саяси-мәдени жаңғыруына айырықша үлес қосып жүрген әйелдер қауымына сый-сыяпат пен ерекше құрмет көрсетілді.

Қысқасы аналарымызды ұлықтап, аруларымызды құрметтеу мерекесі барлық ұжымдарда тиісті деңгейде ұйымдастырылды. Аудандық «Нұра» газетінің аудан әкімі Шайдаров Серік Жаманқұлұлының құттықтау хатымен арнайы мерекелік саны түрлі түсті бояумен шығарылып, салтанатты жиынға қатысушыларға алдын ала таратылды.

5 наурыз күні аудандық Мәдениет үйінде ардақты аналар мен ақжаулықты әжелер, бүгінгі таңда ауданның әлеуметтік экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып жүрген әйелдер, ардагерлер, қоғамдық ұйымдардың қатысуымен салтанатты жиын етті. Жиында әйелдер қауымын құттықтаған аудан әкімі С.Шайдаров:

- Бұл мереке бізге жыл сайын жаңғыру мен жаңару қуанышын сыйлап, болашаққа деген сезім мен үміт отын ұялатып күш – қуат береді.

Ананы барша адамзат баласы ардақ тұтады. Бір рудың ұранына, бүкіл халықтың мақтанышына айналған Аналарға арнайы күмбездер орнатылып, аруақтарына сыйынып, ол жерлерді киелі де қасиетті мекенге санау – еліміздің ежелден келе жатқан озық салттарының бірі.

Елбасының жүргізіп отырған саясатына сәйкес Қазақстан әйелдер мен аналардың, балалардың құқы мен мүддесін қорғау саласында кеп жетістікке қол жеткізді. Ел Президентінің жанында әйелдер мен отбасы – демографиялық саясаты жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істейді, гендерлік теңдік стратегиясы іске асуда. Осының арқасында әйелдердің саясатта, экономикада, білім беруде, отбасында теңдікке қол жеткізіп, олардың денсаулығын қорғау және әйелдер мен балаларға қатысты күш көрсетудің алдын алу мәселелері іске асуда. Жылдан жылға жас және көп балалы отбасыларын қолдау, аналар мен балаларды қорғауда мемлекет тарапынан көп іс атқарылуда.

Әйелдер мен балалар мүддесін қорғау жергілікті атқарушы органдардың жұмысында да басым бағыт алып отыр. Ауданымызда көп балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау, ана мен баланы қорғауға бағытталған бағдарламалар жүзеге асып жатыр.

Әйелдердің мейірімі мен қайырымдылығы қашанда қиындықтарды жеңіп , қоғамда жоғары моральдық құндылықтарды сақтауға әсер етіп, түрлі ұлттар мен ұрпақ арасында келісімді нығайтуға әсер етуде.

Өмірде қалыптасқан қиындықтарды жеңуде сіздердің жоғары белсенділікпен шыдамдылықтарыңыз терең құрмет пен ризашылыққа мәңгі ие болады.

Бүгінгі күні де, аналарымыз бен апаларымыз, замандастарымыз бен қарындастарымыз әр түрлі мамандық салаларында егеменді еліміздің көркеюіне сүбелі үлесін қосып, ауданымызда адал және қажырлы еңбек етіп жатқандарыңызға ерекше ризашылығымды білдіремін»-, дей келе, езінің баяндамасында елімізде жүргізіліп отырған салиқалы саясаттың арқасында ана мен балаға деген қамқорлықтың жылдан жылға күшейіп отырғанына баса назар аударды. Одан соң аудан басшысы ауданның әлеуметтік экономикалық дамуындағы әйелдердің үлесіне тоқталды.

Баяндамадан соң аудан әкімі ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуына қосқан ерекше еңбегі мен қоғамдық өмірге белсене араласқаны үшін келесі бір топ жерлестеріміз облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Олардың ішінде салық басқармасының бастығының орынбасары Гүлнар Мұқанова, кәсіпкер Людмила Прокоп, ұстаз Дариға Исина, дәрігер ЖаннатХусаинова, Нұра ауданы мәдениет үйінің хормейстері Чемерисова Светлана Викторовна, полиция кіші лейтенанты Герасименко Елена Николаевна бар. Мереке әрі қарай аудан бойынша әйелдер қауымының арасынан ауданның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық, саяси-мәдени дамуына айырықша үлестері үшін аудан әкімінің құрмет грамотасымен және бағалы сыйлықтармен марапаттауға ұласты. Олар: Киевка кентінің зейнеткері Сәпия Балтабаева, М.Сүлейменов орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Сағат Оразқалиева, №1 Киевка орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ирина Стефанович, тіс дәрігері Бақыт Ержанова, аудандық медицина бірлестігінің медбикесі Бақыт Аймағамбетова ; Нұра аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі Сәуле Нұрмағамбетова, ішкі істері бөлімінің кеңсе жетекші маманы Наталья Крыль ; Киевка кентінің жеке кәсіпкері; Татьяна Романенко, Нұра ауданының кәсіпкерлік белімінің бас маманы Айнаш Құсаиынова, медицина бірлестігінің аспазшысы Гүлзира Даурбекова,аудандық мәдениет үйінің хореографы Гүлнәр Білгішбай, Тассуат ауылы әкімі аппаратының жетекші маманы Татьяна Иванишина.

Одан соң мерекені жүргізушілер сахнаға Кертінді ауылының 5 бала туып, тәрбиелеп отырған жас отбасы – Нұрмағамбетовтар отбасын шақырды.

Мемлекетімізде отбасы және отбасылық – некелік қатынастарын нығайту, отбасы беделін көтеру, ұрпақтардың әлеуметтік және сабақтастығын қамтамасыз ететін және тұрақтылық пен қоғамды орнықты дамытудың факторы – неке мен отбасы құндылықтары болса, әйелдер әр үйде, әр ауылда, түтінін түзу түтетіп, босағасын берік, шаңырағын биік ұстаған, отанымыздың болашағына нәр берген осы отбасының ұйытқысы болып табылады. Былтыр осындай үлкен сыйлыққа ие болған Көбетей ауылының алтын той игерлері Жакеновтар отбасы. Ендеше, былтырғы дәстүрді жалғастырып, үлкен кісілердің жолын берсін деп, биыл кеп балалы жас отбасы Жақсылық және Махаббат Нұрмағамбетовтар ие болды.

- Елбасымыз Н.Назарбаев" Үлгілі отбасы нормасы көп балалық болуы тиіс деп санаймын. Барлық халықтарда ғасырлар бойы солай болып келген. Адамның байлығы балаларының санымен елшенген"- деп, алдымызға рухани мәдениеттің мәйегі – отбасы құндылығын нығайту, көп балалықты насихаттау міндетін қойып отырғанда, жастары 30дан жаңа асқан бес балалы жас отбасы өмірі ұрпаққа үлгі, ұлттық салт дәстүріміздің нақты мысалы, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін фактор-, дей келе аудандық гендерлік саясат және отбасы істері жөніндегі комиссия төрайымы Зара Даутова оларға «Кепбалалы отбасы» атағын беріп және аудан әкімінің атынан арнайы тағайындалған 100 мың теңге ақшалай сыйлық табыс етті. Аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың бұл идеясы неке және отбасы институттарын қолдау, оның беделін арттыру, көпбалалықты және жас отбасын қолдау мақсатында жасалып отырған шара екені сөзсіз.

Қуанышын жасыра алмаған жас ана Махаббат Нұрмағамбетова да өзінің ақжарды тілегін жеткізіп, ризалығын білдірді.

-Адамға бақыт сыйлағанда ғана бақыттың дәмі жәннәт шәрбатындай болады. Ана ез бақытын жас нәрестенің жұпар иісінен табады. Ана жас нәрестесін иіскеген сайын сонша рет жәннат шәрбатын татады. Жаңа туған нәрестенің иісі – ол Алла нұрының иісі. Әр бала туған сайын ана жүрегі шаттыққа беленеді. Сейтіп, кеп балалы ана бақыт құшағында жүреді. Бұл жол - әйел болмысының жолы, кешегі дәстүрлі қазақ әйелінің жолы. Сондықтан да табиғат өзі жаратылысымызда берген ұлы іс - дүниеге ұрпақ әкелуді лайықты атқарайық-, деп сіңлілері мен құрбыларын баланы кебірек тууға шақырды. Әр баланың өз несібесі бар. Елімізде көп балалы отбасыларға барлық жағдай жасалған.

Салтанат соңы тамаша мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты.

Бір отбасын ғана емес, бүкіл әлемді аялы алақандарымен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы болған, тәуелсіз Қазақстанның бейбіт тірлігі мен бірлігінің, жарқын болашаққа деген сенімінің, ізгілік пен мейірімділік ұйытқысы – ару аналар мерекесі ауданымызда осылайша лайықты деңгейде атап өтілді.

**Бикен АХМЕТОВА**

М ерейтой

## Еңбегімен ел құрметіне бөленген



Кегінде қыран қалықтаған, бауырында байлық шалқыған, өрісінде төрт түлік, алқабында алтыннан дән ескен қасиетті қара Нұра байлығын игеріп, ел игілігіне айналуына өздерінің лайықты үлестерін қосқан ардагерлеріміз біздің асыл қазынамыз. Өмірдің қилы кезеңдерінде қисапсыз қиындық көрген,балалық шағы соғыс өртіне шалдыққан ұрпақ өкілдерінің алдында бүгінгі және келешек ұрпақ борышты. Олар осы заманның іргетасын берік етіп қалап берді. Шаңырағымыздың шайқалмай, тереземіз тең, керегеміз кең болып, бақытты өмір сүруімізді, аяқты нық басып, аршынды қадаммен жүруімізді қамтамасыз етті. Біздің бүгінгі ие болып отырған дүниелеріміздің бәрі – сол ардагерлердің жасап берген дүниелері. Сондай ардагеріміздің бірі, осы Нұра жерінің тумасы және барлық саналы өмірін осы өлкеге арнаған, ауданымыздың өркендеуіне сүбелі үлес қосып, еңбегін сіңірген Балмағамбет Рахимов ағамыз жайлы әңгіме қозғамақпыз.

Балмағамбет Рахимов Нұра ауданының ақиық ақын Қайып Айнабеков, жазушы Бүркіт Ысқақовтың ауылы - Кекмелдір ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірісімен еңбекке араласты. Еңбекпен оқуды ұштастыра жүріп жоғары білім алып, тарих пәнінің мұғалімі мамандығына ие болды. Гүлбану жеңгеймен отасып, отбасын құрды. Тарих пәнінен сабақ беріп жүрген жас маманның талабын байқаған оқу бөлімінің басшылары оны аудандық әдістемелік кабинетті басқаруға шақырды. Бұл қызметті 23 жыл бойы атқара жүріп ол білім беру ісіне жаңалықтар енгізу, әдістемелік семинарлар өткізу сияқты жұмыстарды кеңінен ұйымдастырып, аудандық әдістемелік кабинетті барлық ұстаздардың тәжірибе алмасу орталығына айналдырды.Еңбегі еленіп, «Қазақ ССРінің халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

1974 жылы аудандық партия комитеті Балмағамбет ағамызды Киевка кентін басқаруға тағайындады. Әрдайым өзіне тапсырылған міндетке асқан жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленген ол бұл іске де бар жігерімен кірісті. Сол кездерде кентті абаттандыру жұмысы қолға алынып, жолдар жөнделіп, алғашқы тротуарлар салынып, жүздеген ағаштар отырғызылып, аудан орталығында көркейту, кегалдандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілген болатын. Осы қызметті Балмағамбет ағамыз табан аудармастан 10 жыл үлкен абыроймен атқарды.

Бірақ билік алда тағы да жаңа міндеттер қойды. Ол- аудандық статистика бөлімін басқару болатын. Асқан жауапкершілікті, тиянақтылықты, нақтылықты, терең білімді қажет ететін бұл қызметті ағамыз 16 жыл бойы абыроймен атқарды. Өзінің тиянақтылығы мен жоғары ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында мамандығы тарих пәнінің мұғалімі бола тұра бұл қызметті де жақсы атқарып, маңдай термен, адал еңбегімен Қарағанды облысы бойынша өзі басқарған ұжымды алдыңғы қатарға шығарды, бірнеше мәрте Республика, облыс басшыларынан алған Алғыс хаттары оның куәсі.Оның ішінде ең ерекшесі - Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты.

Зейнеткерлікке шыққан соң да Балмағамбет ағамыз қол қусырып отыра алмады. Ауданның қоғамдық өміріне белсене араласуда. «Нұр Отан» ХДП-сының аудандық филиалында партиялық бақылау комиссиясын басқарып жүр.Өте жауапты іс.

2009 жылда өткізілген ұлттық санақты жүргізуге ауданда арнайы штаб құрылғанда, аудан әкімі С.Шайдаров бірден бұл жауапты мемлекеттік маңызды іске жетекшілік етуге Балмағамбет Рахимовты шақырды. Ол кісі бұл шараны асқан жауапкершілікпен сапалы өткізді.Оған дейін де ауыл шаруашылық санағын нәтижелі, жоғары жеңгейде еткізген болатын.

«Үйің жанында тебе болса, ерттеулі атпен тең, үйіңде қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деп дана халқымыз тегін айтпаған болар. Ескінің білмей жаманын, қадірі болмас жаңаның десек, ардагер ағамыздың өткен өнегелі өмірі жастарға үлгі өнеге.

Жұбайы Гүлбану жеңгеміз табан аудармастан 35 жыл қоғамдық тамақтану орнында жемісті еңбек етті. Екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олардың бәрі де бір бір шаңырақ иелері. Бәрі де өмірден өз орындарын тапқан, жоғары білімді азаматтар, еліміздің әр саласында нәтижелі қызмет атқаруда. Немерелер өсіп келеді. Алғашқы немересі Әсел мектепті алтын медальмен бітіріп, Алматыдағы әркімнің қолы жете бермейтін, ағылшын тілінде білім беретін КИМЭПке оқуға түсіп, оны да ойдағыдай аяқтап, қазір Астанада қаржы Министрлігінде қызмет етіп жүр. Өткен жылдың аяғында Балмағамбет ағамыз немересін ұзатып, құтты орнына қондырды.

Ал мұның бәрі шын мәнісінде өз ұрпағын адалдық пен әділдікке баулыған әке мен мейірімді ана тәрбиесінің жемісі екені сөзсіз.

Ел қашанда азаматымен мақтанады. Халық қашан да төл перзентімен шаттанады. Балмағамбет ағамыз бүгінде мерейлі 70 жасқа толып отыр. Мерейлі жасыңыз құтты болсын!

**Бикөн АХМЕТОВА,**

Партия өмірі

## Халық халықтық партияға сұрақ қойды

Еліміз егемендігін алып, әлем елдерімен терезесі тең дәрежеде келіссөздер жүргізіп мемлекетіміздің кемелденуі шағында Елбасы Н.Назарбаевты сайлауалды қолдау штабы болып құрылып кейіннен «Отан» республикалық саяси партиясы бүгінгі таңда азаматтық қоғамды дамытудың барлық талаптарына сай «НұрОтан» ХДП болып түрленіп, қайта түледі. Төрінде Елбасы Н.Назарбаевтың өзі терағалық ететін «Нұр Отан» партиясы еліміздің әлеуметтік – саяси дамуындағы түрлі басым міндеттерді айқындап, халықтық тұғырнаманың орындалуын барлық деңгейдегі депутаттар арқылы ақылдасып шешсе, ал ел қаржатының қайда және қалай жұмысалып жатқандығына бақылау комитеті мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес кеңестері қадағалайтын органдары бар.

Міне осындай белді де беделді партия көктемнің алғашқы күнін өзінің туған күн мерекесін ашық есік күні республикалық акциясы арқылы атап етуді әдетке айналдырған. Бұл күнгі негізгі мақсат аталмыш партияның қай деңгейдегі бөлімшесі болмасын әлеумет пен билік арасында байланыс орнатып қарапайым қараша халықтың сұрағына жауап іздеу. Осындай игі шараның бірі Нұра аудандық «Нұр Отан» ХДП бөлімшесінде өткізілді. Партия төрағасының бірінші орынбасары Д.Баяновтың ұйымдастыруымен өткізілген шараға аудандық медициналық бірлестік директоры Б.Еспаев, аудандық партиялық бақылау комитеті төрағасы Б.Рахимов, ақсақалдар алқасының мүшелері К.Ынтықбаев, А.Қамзин, облыстық мәслихат хатшысының көмекшісі С.Омарова, «Жастар кадрлық резерві» жобасының түлегі, Киевка кенті әкімінің орынбасары Б.Түсіпов, халыққа қызмет көрсету орталығының кеңесшісі Н.Канафин, «ҚазПОШТА» АҚ Нұра аудандық бөлімшесінің директоры Л.Казанцева қатысты.

Жиналған көпшіліктің ең алғашқы сұрақтары Киевка кенті әкімінің орынбасары Б.Түсіповке бағытталды. Жеке меншік жылқының бағылуынан басталып, қаңғыбас иттерді аулау мен тұрғын үйлердегі жайсыздықтарға дейінгі ескертулерге жауап берген жас шенеуік Б.Түсіпов бұл мәселердің барлығы Заңдық тұрғыда қарастырылып шешілетіндігін көпшілікке жеткізді.

Келесі сұрақтар аудандық медициналық бірлестік директоры Б.Еспаевқа арналды. Біріңғай денсаулық сақтау жүйесі, тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету, қызмет беруші мен қызметкерлердің құқықтары туралы жайында сөз қозғаған өлеуметке ауданымыздың бас дәрігері байыппен жауап беріп жаңа бағдарлама мен ары қарай қалай жұмыс жүргізілетіндігін көпшілікке түсіндіріп, алдағы уақытта БАҚ арқылы да нсихат жұмыстары жүргізілетіндігін жеткізді. «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша ауруханаға жас мамандардың жұмысқа алынғандығынан да хабардар етті. Бұдан соң жиналған жамағат халыққа қызмет керсету орталығының кеңесшісі Н.Канафин, «ҚазПОШТА» АҚ Нұра аудандық белімшесінің директоры Л.Казанцеваға түйіткілі көп сұрақтарды төтесінен қойып қарымды жауаптар алды.

**Д.Баянов,**
**«Нұр Отан» ХДП Нұра аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары**

К 65-летию Великой Победы



# Эта память нетленна

***Близится дата юбилея Победы в Великой Отечественной войне. За 65 лет успело вырасти и встать на ноги уже 3 поколения. Поколения, которые знают о войне только из рассказов, фильмов, книг. Но для каждого 9 мая остается памятным днем, когда вспоминают всех тех, кто проливал кровь за нашу Родину. «Хорошо бьются казахи на фронте, хорошо работают для фронта их отцы, матери, жены в тылу. Казахстан могуче подпирает фронт всеми богатствами своей земли, всеми сокровищами своих гор» - это строки из публикации от 6 февраля 1943 года газеты «Социалистическая Караганда». За этой фразой - подвиг отцов, матерей, дедушек и бабушек. Помнить о героях-соотечественниках – святой долг каждого гражданина. Одним из героев был Куаныш Сулейменов, прошедший войну с июля 1942 до Дня Великой Победы. Бои на территориях Белоруссии и Прибалтийских республик стали непростым путем, пройденным Куанышем от рядового до комсорга батальона, а затем и полка. С войны Сулейменов вернулся увешанный наградами – два Ордена Красной Звезды, Орден Отечественной войны второй степени, медали.***

**От советского информбюро**

8 августа 1943 года наши войска на Брянском направлении продолжали развивать наступление и, продвинувшись вперёд от 6 до 12 километров, заняли свыше 130 населённых пунктов, в том числе районный центр и железнодорожную станцию Нарышкино (20 километров западнее Орла), железнодорожную станцию Бедноты (28 километров западнее Орла), крупные населённые пункты Клеменово, Мощеное, Красные Рябинки, Бабикова, Лебедка, Воробьевка, Алмазово, Верхняя Боевка, Хмелевая. В этот день на всех фронтах наши войска подбили и уничтожили 69 немецких танков. В воздушных боях и огнём зенитной артиллерии сбито 80 самолётов противника.

Где-то среди этих красноречивых географических обозначений, затерялось село со вкусным названием Груша. Здесь на Смоленском направлении Калининского фронта в этот день наступал 629 стрелковый полк 134 дивизии.

**У незнакомого поселка**

На рассвете после двадцатиминутной артподготовки солдаты пошли в атаку. Хорошо укрепленную линию обороны противника взять с наскока было невозможно. Командир роты капитан Тычкин получил тяжелое ранение в первые минуты боя. Командование взял на себя 25-летний комсорг батальона - Куаныш Сулейменов. Пулемет из фашистского дзота поливал почти ровное поле плотным огнем. Бойцы упали на землю. Многие уже никогда не смогли встать… Каждого из них он знал, практически с каждым беседовал, старался поддержать в трудную минуту, помочь и словом, и делом. И юные, и уже взрослые, прошедшие огонь и воду солдаты слушали молодого комсорга-казаха. Не важны тут были ни возраст, ни национальность. Возможно, это была природная склонность к врачеванию душ, возможно, великая любовь к своей Родине.

Николай Добрышев, боец из роты Куаныша, закрыл своей грудью гнездо вражеского дзота. Николай родился в этом селе. И за него отдал жизнь. «Он шел рядом с Куанышем» - под таким названием в местной газете «Лениншіл Жас» (№24 (3334) от 24.02.1952) был напечатан отрывок из фронтового дневника Дихана Абилева под заголовком «Отан үшін», где подробно описывается подвиг Николая Добрышева.

Едва дзот противника замолчал, Куаныш Сулейменов личным примером поднял солдат в атаку. И был тяжело контужен. Сопротивление фашистов сломили к вечеру. В селе со вкусным названием Груша фашистская оккупация кончилась.

**Вечная память героям войны**

Николай Добрышев был похоронен на родной смоленской земле. Полковые умельцы сделали из фанеры обелиск в память о павшем герое и установили его на могиле солдата.

38 бойцов и командиров подразделения, где служил Куаныш Сулейменов, были награждены орденами и медалями. На груди казахстанского лейтенанта появился первый орден Красной Звезды. В боях под Духовщиной 14 сентября 1943 года, во время очередного наступления, он получил тяжелую контузию и более месяца лечился в госпитале города Калинина. Однако сразу же, как только позволили врачи, вернулся на передовую.

Многое видел молодой комсорг, прошел кровопролитные бои за освобождение Полоцка (Белоруссия), Двинска и других городов и населенных пунктов, оккупированных фашистами. В своих воспоминаниях ветеран писал, что к тому времени Двинск был превращен фашистами в концлагерь, где расстреляли почти 23 тысячи человек. Нацистские палачи не щадили ни детей, ни женщин, ни стариков.

**Обжалованию не подлежит**

В 19 лет студент алматинского педагогического институту Куаныш Сулейменов узнал, что его отец арестован. По обвинению во вредительстве и антисоветской пропаганде.

Зная отца, Куаныш в его виновность поверить не мог. Но в то время приговоры обжалованию не подлежали. Надежды будущего учителя рухнули - из института он был отчислен.

Когда началась война, Куаныш Сулейменов был первым в рядах добровольцев, просившихся на фронт. Каким-то образом стало известно о его почти законченном высшем образовании. И молодого грамотного парня отправили осваивать воинскую специальность. Так Куаныш оказался в Военно-политическом училище Свердловска.

За двенадцать месяцев молодым политрукам пришлось освоить полный курс младшего командира Красной Армии. Любой из них в бою обязан был заменить павшего командира. В затишье между боями обязанность политрука – работа с личным составом. Это значит, добраться к бойцам до последнего окопа переднего края. Это значит, личным примером поднимать роту под пулеметным огнем противника. Каждый раз доказывая, что жизнью отвечаешь за все, о чем говоришь.

**Цена слова**

Лейтенант-комсорг попал на фронт в 1942 году. Немцы блокировали Ленинград, танковые корпуса южных армий вермахта рвались к нефтяным запасам Кавказа. Положение на фронтах снова было критическое, и маршал Жуков не считая бросал человеческие жизни в топку Победы. Тем летом взводный лейтенант, прибывший из учебки, командовал людьми две недели. И выбывал. Чаще по ранению, хотя…

В свои первые дни войны Куаныш Сулейменов увидел столько страшного – смерть, боль, кровь, страх…

И понял цену словам «дружба» и «храбрость».



Куаныш мечтал стать учителем истории. Он часто думал о роли жыրау, казахских певцов, слагающих песни, настраивающих воинов перед битвой. Песни, от которых зависит успех сражения. Слова, с которыми не страшно умирать…

**За кровь и слезы наших братьев**

Дорогие товарищи! Трудно написать на бумаге и трудно передать словами те чудовищные зверства фашистских людоедов, свидетелями которых мы были при освобождении советских сел и деревень от немецких оккупантов. Мы беспощадно мстим фашистским душегубам за кровь и слезы наших братьев, отцов, матерей и сестер. Ваш наказ – разгромить ненавистного врага – будет выполнен. Домой возвратимся только победителями. Мы надеемся, что и вы не отстанете от нас, обеспечите образцовую подготовку и проведение уборки урожая, добьетесь новых успехов в развитии животноводства…

Куаныш Сулейменов. Письмо от лица фронтовиков-казахов «Казахстанская правда», 1944 год.

**И вновь продолжается бой**

Свой многолетний (более 30 лет) стаж педагогической работы, начатый еще до войны, после исключения из ВУЗа как сына врага народа, Куаныш Габбасович продолжил после Великой Победы. Мечту преподавать, работать с детьми герой пронес через весь ужас войны. По ходатайству Министерства просвещения Казахской ССР, Главным Политическим Управлением Красной Армии в 1946 году он был направлен в распоряжение данного Министерства для дальнейшей работы в школе.

**Честность – главное качество**

К сожалению, до 65-летия Великой Победы Куаныш Сулейменов не дожил. После войны старший лейтенант пошел работать в школу, сначала - учителем истории и географии, затем директором. Было чем гордиться и в мирной жизни – Куаныш Габбасович был заведующим районного отдела образования, избирался председателем колхоза на территории Нуринского и Вишневского районов Карагандинской и Акмолинской областей. Его семья – пятеро сыновей (из которых четверо посвятили себя службе в правоохранительных органах) и две дочери - до сих пор считают 9 мая семейным праздником.

**- Отец всегда этот день начинал с каких-то общественных мероприятий, – рассказывает Канат, старший сын героя. - Классный час в школе, торжественная линейка, парад, что-нибудь еще… Потом уже дома собирал соратников, ветеранов. Они вспоминали тех, кто не вернулся с войны, пели песни тех лет, делились успехами. Отец так же мечтал поехать на парад в Москву. Но эта мечта так и не сбылась, он умер в 1980 году…**

- Ваши дети, внуки Куаныша Габбасовича, знают о войне?

**- Конечно. Мы рассказываем и детям, и теперь уже своим внукам о деде-герое Великой Отечественной войны. Это было великое поколение замечательных людей, о котором нельзя забывать. Мы сегодня обязаны ветеранам всем.**

**- Что было главным в характере вашего отца?**

- Отец всегда был кристально честным. Были случаи, когда очень тяжело было в финансовом отношении. Он работал директором школы и на школу выделяли уголь для отопления. Дома холодно, угля, чтобы топить, нет… Часто те, кто жили недалеко от школы, ходили просить немного, пока не купят себе сами, или когда угля не хватало…или могли и просто без спроса взять… Отец же нам строго настрого запрещал брать хоть один кусочек этого угля… Во всем такой был.

**Среди воинов, героически принявших на себя первый удар фашистской Германии, напавшей на Советский Союз 22 июня 1941 года, было 170 тыс. казахстанцев, призванных в армию перед войной. 1418 дней и ночей длилась Великая Отечественная война. И каждые сутки она уносила, в среднем, 14104 жизни советских людей. Каждый час погибало 588 человек, каждую минуту — 10, каждые 6 секунд — один человек. Вот какая страшная арифметика! Но все они остаются в нашей памяти и, хотелось бы верить, останутся навечно!**

Подготовила **Бикен АХМЕТОВА.**

Использованы материалы из семейного архива **Сулейменова К.**

---

*Санитарная служба предупреждает*

# САНИТАРНАЯ ОХРАНА АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА НАСЕЛЕННЫХ МЕСТ

Одним из основных источников загрязнения атмосферного воздуха являются выхлопы автотранспорта, промышленные выбросы в атмосферу вредных газов, золы, дыма и др. Выбросы автомобильного транспорта являются существенным источником загрязнения городов и сел окисью углерода, окислами азота, альдегидами, углеводородами, а также канцерогенами. Для выбросов дизельных двигателей характерно присутствие сажи. Выхлопные газы дизельных двигателей содержат сернистый ангидрид. При работе бензиновых двигателей в выхлопных газах содержится до 12% окиси углерода.

В результате сложных и многообразных фотохимических реакций, выхлопные газы автотранспорта образуют новые продукты - фотооксиданты, которые обладают сильными окислительными свойствами.

Дүние жүзінде барлық жақсылық атаулы күннің жылуынан және ананың ақ сүті мен ақ тілеуінен, өлшеусіз еңбегі мен қамқорлығынан бастау алады.

Елді ел етіп отырған,жұртты жұрт етіп отырған, мемлекетті мемлекет қылып отырған да осы аналар.

Әр баланың екінші үйі, қымбатты ордасы - мектеп болса, екінші ата-анасы – мұғалімі. Әркімнің үлгі тұтатын, ерекше көретін ұстаздары бар. Мен үшін ол адамдардың бірі – Шапен Қалтайқызы. Шапен Қалтайқызы - Көбетей ауылының жайдары, мейірімді, сыпайы, өнерлі аналарының бірі. Сегіз қырлы, бір сырлы жан. Биыл 60 жасқа толып отыр. Р.Асубаев атындағы орта мектебімізде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде 35 жылдан астам ұстаздық қызметін абыроймен атқарды. Қандай да болмасын іс-шара өткізілсе, бел ортасында жүрді, зейнеткерлікке шыққанша мектепшілік, мәдениет саласындағы да барлық іс-шараларға белсенді араласты. Сабақта да, сабақтан тыс тәрбие сағаттар, кештерде көздеген мақсаты - қазақтың ұлттық салт-дәстүрін қалыптастыру еді. Тіл мәртебесін көтеріп, білімді, жан-жақты, мәдениетті тұлға тәрбиелеу үшін оқушыларының бойына игі адамгершілік қасиеттерді сіңіре білді. Шәкірттері аудандық, облыстық олимпиадаларға, Абай оқуларына, көркемөнерпаздар байқауы, шығарма сайыстарына қатысып, жақсы жетістіктерге ие болатын. Шапен Қалтайқызы өзінің ерен еңбегі үшін көптеген марапаттау, атақтарға, дәрежелерге ие болды.Аудандық , облыстық білім бөлімдерінің мақтау қағаздарымен,1991ж «Облыстық кәсіподақ ұйымының мақтау грамотасымен, 1991 ж «Жыл мұғалімі-91» , 1993ж «ҚазақССР халыққа білім беру министрінің Құрмет грамотасы», 1996 жылы- «ҚР Білім беру ісінің үздігі», 2001ж «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай аудан әкімінің мақтау грамотасы», 2001ж ҚР Президентінің «Алғыс хаты». Бүгінгі күні құрметті демалыста болса да, оқушыларына өз кемегін аямайды.

Шапен апай тек қана үздік ұстаз ғана емес, сонымен қатар аудан, облыс көлемінде даңқы шыққан ауылымыздың күміс кемей әншісі, әрі үлгілі ана, салиқалы әже. Жолдасы-мектептің ардақты ұстазы, география пәні мұғалімі Баян Нұрғалиұлы екеуі үш бала тәрбиелеп өсірді. Екі ұлы жоғары білімді, Қарағанды қаласында әскери қызметке ие болған азаматтар. Бүгінгі күні өздерінің шаңырағын көтеріп, немере сүйгізіп, ата-анасына тірек болып отырған қуаныштары.

Мен мектепте еңбек жолымды бастағанымда, Шапен Қалтайқызы тәлімгер ұстазым болды. Қиындық туған кезде жанымнан табылып, тәжірибесімен бөлісіп, маған тірек бола білді. Жан-жақтағы шәкірттері де Шапен апайларына берген білімі мен тәрбиесі үшін тек алғыстарын білдіріп жатады.

Барлық шәкірттері атынан Шапен Қалтайқызын мерейтойымен шын жүректен құттықтап, әлемдегі бар жақсылықты тілеймін.

**Барлық шәкірттері атынан: Н.С.Қалкенова,**
**Көбетей ауылы.**

Мектеп өмірінен

# Ана - өмірдің гүлі

Киевка №3 орта мектебі жанындағы интернат қабырғасында 5 наурыз күні «Ана-ұлы тұлға» деген тақырыпта тәрбие сағаты, әрі әдеби-музыкалық монтаж болып өтті. Бұл мерекені тамашалауға мектеп директоры мен ұстаздары, Өндіріс және Шахаман ауылдарынан келген интернатта тәрбиеленушілерінің ата-аналары, интернат тәрбиешілері мен жұмыскерлері шақырылды.

Мерекелік шара әйелдер күніне арналған құттықтау сөзден басталды. Аналар мерекесі жыл құсындай біздерге көктем мерекесімен қайтып оралады. Көктемнің шығуымен, аналар мерекесінің келуі, құстардың туған жерге жылы жақтан қайтуы, осының барлығы жасампаздық нышандары, жаңарудың басы. Нақ осы әйел-аналар жасампаздықтың негізі болып табылады. Олар өмірдің мәнін мазмұнға толтырып, ертеңге деген сенімді бекіте түседі. Н.Ә.Назарбаев Ақордада 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай, Қазақстан әйелдер қауылының біртоп өкілдерімен кездескенде : «Сіздермен бүгінгі кездесуді «Көктем шуағы» деп атадым», - деді. Алдағы уақыттағы кездесулер осындай атаумен аталатын болсын. Кең байтақ еліміздің солтүстігінде қар жатса, оңтүстігінде бәйшешек шығып, жер гүлдену үстінде. Халқымызда: - Күллі тіршілік, ізгілік атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен келеді», - деген сөз бар. Ардақты ана, асыл жар, аяулы қарындастың ортақ мейрамы – 8 наурыз шындығында да баршаның жанына жылу сыйлайды. Сондықтан да мен осы күнді көктемнің шынайы шуағына баладым, - деген сөзін кіріспе ретінде келтірді.

Алдымен, алғашқы сөз мектеп директоры Сағымбеков Сайран Наскенұлына берілді. Ол әріптестерін, аналарды, оқушыларды 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отырып, шығыс халықтарында : «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», - деген мағыналы сөзі бар, расында да анадан күшті, мықты, әсем, сүйкімді, мейірімді еш жан жоқ, сондықтан да сіздерге әрқашан табыс тілеймін, - деді.

Одан соң сөз интернат аға тәлімгері Шохметова Ләйлә Көбекқызына берілді. Ол барлық келген қонақтарды келе жатқан мерекелерімен құттықтап, тәрбиешілердің және интернат ұжымының көмегімен жасалған концерттік бағдарламаны көріп тамашалауын ұсынды.

Концерттік бағдарламаны дайындауға барлық интернат оқушылары алдын – ала дайындалып, атсалыса қатысты. Оқушылар өздеріне арнайы берілген өлеңдерін оқып, өздерінің аналарына және сүйікті тәрбиешілеріне алған гүлдерін сыйға тартты. Әжелер мен аналарға арналған мерекелік әндерін орындады. Оның ішінде 11-ші қазақ сынып оқушысы Шәріп Сәния «Анашым» атты ән орындады. Содан соң 7-ші қазақ сынып оқушысы Әбдікәрімова Аягүл «Аналардың тілегі» атты әнін тамаша орындап берді. Әрі қарай 9-шы қазақ сынып оқушысы Мұхтарова Жансая және 7-ші қазақ сынып оқушылары Ерболова Аида және Аукенова Мөлдір өзбек биін билеп берді. Одан соң «Қасиетті сөз» атты көрініс қойылды. Әрі қарай «Грузин» биі тамашаланды. Мерекелік кештің аяғында 11-ші қазақ сынып оқушысы Шәріп Сәния аналарға арналған «Анаға сәлем» атты мерекелік өлеңімен аяқтады.

Соңында концерттік бағдарламаны тамашалауға келген ұстаздар мен ата-аналарға сөз берілді. Ол кісілер интернат ұжымының әйел адамдарын және оқушы қыздарды мерекелерімен құттықтап, өздерінің ризашылығын, балаларына деген сүйіспеншілігін білдіріп, мектеп директоры мен интернат ұжымының жұмыскерлеріне рахмет айтты. Ата-аналар атынан Елбасымыздың балаға, анаға деген қамқорлығына алғыс айтты. Жақында интернатқа Қарағанды облысының әкімі келіп, интернат ұжымының жұмысын жақсы деп бағалағанын тілге тиек етті. Оқушылардың атынан айтылған сөз: Аналарымызға, ұстаздарымызға деген біздің алғысымыз ұшан-теңіз. Олар барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. Адамзат мекен еткен жер шарының әр түпкірінде, әр үйде мейірім мен мерейдің, достық пен туыстықтың туын тіккен адамдар. Олардың махаббаты балаға қанат бітіреді, күш береді, ерлікке рухтандырады.

Әр баланың ойын түгел білетін,
Шәкірттерге білім нұрын себетін.
Мектеп, тәрбиешілер ұжымын
Құттықтаймыз Наурыз мейрамымен,
Халықаралық әйелдер күніменен !

Осындай мерекелік шарадан кейін оқушы ұл-қыздар үйлеріне шабыт, шаттықпен тарасты. Міне, аналар мейрамының, шуақты күнінің қасиеті осындай!

Осындай ауылдың балаларының болашағын ойлап, өнегелі тәрбие және сапалы білім алуына көмектесіп, интернат ашып берген аудан әкімі Шайдаров Серік Жаманқұлұлына ризашылығымызды білдіре отырып, мектеп директоры Сағымбеков Сайран Наскенұлының және барлық интернат ұжымы мен оқушыларының, ата-аналарының атынан алғыс айтқымыз келеді.

Барлық Қазақстан әйелдерін, ақ жаулықты аналарымыз бен әжелерімізді, нәзік жанды аяулы қыздарымызды мерекелерімен құттықтай отырып, тілейтініміз : зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат, еңбектеріңіз жемісті болып, жүздеріңізден күлкі кетпесін.

Әрқашан да аспанымыз ашық, Отанымыз тыныш болсын !

**Киевка №3 орта мектебінің жанындағы**
**мектеп-интернат аға тәлімгері Шохметова Л.К.**

*Мектеп өмірінен*

# Жастарды патриоттық тәрбиеге шақыру

«Жастардың бүгінгі міндеті-оқу, білім және тәрбие жұмыстары.

Жастар!- бүгін сөзден іске көшетін заман. Білімсіз істің реті болмайды. Сондықтан, жастардың жалпы назары мектепке аударылуы керек» - деп Ғани Мұратбаев ағамыз айтқандай бүгінгі таңда Майоровка ауылының мектебінде білім мен тәрбиеге зор назар аударылып көптеген мектеп азаматтары болашақ ұрпақты білімді тәрбиелеп, жастарды оқытып жатыр. Түрлі мерекелерге арналған сайыстар өткізілсе, оқу процесі өз алдына шабыт алуда. Осындай мерекелер арнасында сонау ұмыт болған Ауған соғысында болған азаматтарды әруақытта жадыда ұстап, ауылдан сол Ауған соғысқа қатысқан ер-азаматтарымыз ерлігін әрқашан мектеп ұжымы ұмытқан емес. Сол адамдарға тиесілі Ауған соғысының 21 жылдығы қарсаңында мектебімізде «Жігіт сұлтаны» - атты 9-11 сынып аралығында байқау өтіп,менде сол сайыстың куәгері болдым.. Сайысқа 9 сынып оқушылары Қаппар Алмас, Досмағанбетов Асылбек, 10 сынып оқушылары Мұқаш Ерқанат, Наурызбай Еркебұлан және 11 сынып оқушысы Амангелді Ардақ қатысты. Байқау 2009 жылы күрделі жөндеуден өткен мәдениет ошағында өткізіліп сол байқауға ата-аналар комитеті, мектебіміздің ардақты ұстазы Сұлтанбекова К.Б, ауған соғысының ардагерлері Юрченко Михаил мен Шестернин Василий ағаларымыз және мектеп директоры Абаев Ерболат .Ерденович төрешілік етті.

Байқау сегіз тапсырмадан тұрды

Бірінші байқауда автоматты бұзып, қайта жинауда 11 сынып оқушысы Амангелді Ардақ алға түсті. Тез қимылдап, шапшаңдық көрсеткен Досмаганбетов Асылбек үшінші сайыста алға шықты. Сайыстың сегіз түрінде де балалар өздерінің әскери дайындықтарын көрсете білді. Бұдан мектебімізде әскери дайындық сабақтарының нәтижелі оқытылғаны байқалды. Байқаудан соң тағы да мектеп оқушыларының шағын концертін тамашаладық. Кеш соңында мектеп ұжымы бізді өздері дайындаған дастархан мәзіріне шақырды. Отырыста ауған ардагерлерінің қай жерлерде болғанын, қандай істерді бастарынан кешкендерін айтып тебіреніс үстінде болды. Сол уақытта 18-20 жастағы өрімдей жастар, бейбітшілік уақытында нағыз қайнаған соғыстың куәгерлері болған. Осындай азаматтардың өз ортамызда жүргені ауылымыздың мерейі ғой.

Дегенмен, ауған ардагерлеріне басшылық тарапынан құрмет көрсетілсе де артық болмас еді – деген ой туып отыр.

Жас ұрпақ келешектің болашағы, ендеше жұмыла басып, осы жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне ауыл болып ат салысайық. Жалындаған жастарға от берсек , ертең еңбегі жанып жалындай берсе ол біздің үмітіміздің ақталғаны құрметті ағайын.

**Ата-аналар комитеті атынан**
**Құсайынова Жаңыл Көшенқызы**
**Майоровка ауылы**

*КӨКТЕМДЕГІ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙ*

# Су тасқыны кезіндегі тәртіп ережесі туралы жадынама

Күн тізбесінде Наурыз айы. Ауа-райы күн сайын жылынуда. Алдағы уақытта су тасқынының мезгілі, бұл су деңгейінің оқыс көтеріліп, өзен арнасының толып, жағадан шығуымен, гидротехникалық ғимараттардың бұзылуымен ерекшеленеді, ал бұның арты елді мекендерді су басып, шаруашылық нысандары мен тұрғындарға едәуір материалдық шығын келтіреді.

Көп жылғы байқау мен болжамды есептердің мәліметіне сәйкес су тасқыны кезінде Қарағанды облысының аумағында, 15510 адамдары бар 63 елді мекенді жартылай немесе толық су басады. Су басу аймағына фермерлік шаруашылықтар, теміржол және автожолдар көпірлері, теміржол мен автожолдар учаскілері түсіп жатады.

Су тасқыны ахуалы көбінесе Бұқар-Жырау, Осакаровка, Абай, Нұра, Шет және Қарқаралы аудандарында, көктемгі қар еру кезінде өзендердегі судың деңгейі 15 см. 3 м. дейін көтеріліп, төмегі учаскілерге 0,5-тен 3 шақырымға дейін тасып жайылады.

Қарағанды облысының аумағында су тасқыны әр-түрлі жағдайда өтеді. Барлығы ауа-райына байланысты болады: су тасқыны жай өтуі мүмкін – білінбейді, кейде бақытсыздық жағдайға әкелуі мүмкін. Ондай оқиғалар бізде аз емес. 2004 жылы Жезқазған өңірінде, Шет және Бұқар-Жырау аудандарында, еріген судың тасуынан Самарқан су қоймасында бұзылыс болды және т.т. б. Ал алдын-алу шараларын дер уақытында өткізгенде су апаттарының зардабын азайтуға біршама мүмкіндік болатын еді.

Су апатымен күресуде адамдарда біршама тәжрибе жиналды. Алайда, көктемгі су тасқыны кезінде ең қарапайым қауіпсіздік ережелерді орындамағандықтан адамдардың біразы бақытсыздық жағдайға ұшырап және материалдық шығынға келтіреді.

Су тасқынының зардабына ұшырамауда ағымдағы жылдың көктемінде «2010 жылғы су тасқынынан елді мекендер мен шаруашылық субъектілерін қорғау бойынша шаралар туралы» облыс әкімінің орынбасары – облыстың төтенше жағдай комиссиясы төрағасының өкімі шықты (2010 ж. 05.02. №1).

Тұрғын-үйлерді, өндірістер, мәдени-тұрмыс нысандар, теміжолдар, автожолдар, басқа да инженерлік ғимараттарды су басуда және адам өліміне жол бермеуде, олардың бетін қайтару мақсатында, жергілікті атқарушы органдар, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер басшылары және тұрғындар су тасқынына қарсы біраз шараларды орындауға міндетті.

- қала, аудандарда және облыс қызметтерінде штаб пен ТЖ комиссиясын құрсын;
- су тасқыны кезіндегі ТЖ жою жоспарын нақтыласын;
- су басуы ықтимал аймағынан тұрғындарды, жан-жануарлар мен материалдық құндылықтарды, тұрғындарды уақытша қосалқы мүмкін үй-жайларға орналастыруды көрсетіп, көшіріп тасу жоспарын нақтыласын;
- қардың көп жиналған жерлерден қарды, арналар мен су ағатын жүйлерді тазартып, су жіберетін құрылғылар мен механизмдерді жөндесін;
- су басу учаскілерінде топан су ағысын тоқтаусыз өткізуді ұйымдастырсын;
- су басқан аумақтарға топырақ төксін;
- су тасқыны кезінде негізгі қамтамасыз ету базаларынан бөлініп қалуы мүмкін елді мекендер мен қойшылар мекендерін тамақпен, жем-шөппен, жанар-жағар маймен қажетті санын құрсын.

Егер келесі қауіпсіздік ережелерін ұстанса, су тасқынының ауыр зардаптарын азайтуға болады:

- көктемгі қардың тез еруі, қолайсыз ауа-райының ұзақ созылуы, мұз еріп қозғалған мезгілде өзеннің аласа жағасында тоқтамау керек;
- оқыс су тасқыны кезінде, тұрған жерден тез кетіп жердің неғұрлым биік бедерлі жеріне жету керек;
- су қоймалары тоғандарға жақын және өзендер арасына орналасқан сая жайларға баруды шектеу қажет;
- өзендер, арналар, терең және енді орлар мен шұңқырлардың үстінен өтетін құбырлар мен құрылғылардың үстімен (бойымен) өтпеңіз;
- құрғақ жерден бөлініп қалмас үшін өзен ортасындағы жартылай аралдарға кірмеңіз;
- бақытсыздық жағдай болмас үшін, белгіленбеген және таныс емес орвндарда мұз үстімен өзенді, арналарды және басқа да су қоймаларын кесіп өтпеңіз және жүрмеңіз;
- өзен, котлован, терең орлар мен шұңқырлардың жанында балалардың ойнауына тиым салыңыз;
- осы кезеңде су арнасының толық түскеніне дейін балықшыларға балық аулауын доғара тұрукерек.

Егер сіз өзеннің дүлей толқынынан елгіңіз келмесе, көктемгі су тасқынының салдарынан өзіңіздің мүлкіңізді жоғалтқыңыз келмесе, онда қазірден бастап қажетті шараларды қабылдаңыз.

Су тасқыны мен су басу кезіндегі тәртіп ережесі туралы
ЖАДЫНАМА

Егер сіз су тасқыны мен су басу қаупі туралы дабыл алсаңыз не істеу керек

Егер сіздің аудан су тасқыны мен су басудан жиі зардап шегетін болса, онда су басу аймағының шекараларын, сондай-ақ биік жерлерді, өзіңіз тұратын жерге жақын орналасқан, сирек су басатын жерлерді, сондай-ақ сол жерлерге баратын төте қысқа жолды біліп және есте ұстаңыз,

Қайықтың, су салдарының және жүзу құралдарының дайындауға қолда бар материалдардың сақтау орындарын есте сақтаңыз. Эвакуация болған жағдайда бірінші кезекте өзіңізбен бірге алатын құжаттардың, мүлік пен дәрілердің тізімін алдын-ала жасаңыз.

Құндылықтарды, қажетті жылы киімдерді, артық тамақтарды, суды, сондай-ақ дәрі-дәрмектерді арнайы шамаданға немес рюкзак қапшыққа салып қойыңыз. Қайық пен басқа да жүзу құралдарын дайындаңыз. Оларды су айдап әкетпес үшін, міндетті түрде байлап қойыңыз.

Су тасқыны мен су басу қаупі туралы дабыл алған кезде:

- суды, газды және электр тоғын өшіріңіз;
- жанып тұрған пешті сөндіріңіз;
- егер уақытыңыз жеткілікті болса үйдің жоғарғы қабатына (шатырға) құнды заттар мен мүліктерді, тұщы су қорын және ұзақ мерзімге сақтауға келетін консервіленген тағамдарды тасып шығарыңыз;
- ауылшаруашылық инвентарларын қауіпсіз орынға апарыңыз;
- өз үйіңізді апат соққысына дайындаңыз;
- бірінші қабаттағы барлық есік пен терезелерді жабыңыз, қажет болғанда және уақыт көтерсе терезелер сынбас үшін оларды тақтаймен немесе үйеңкі фанерасымен шегелеп тастаңыз;
- өзіңізбен бірге су өткізбейтін пакетте жеке құжаттар, ақша, бағалы заттар, медициналық қобдиша, мезгілге сай киім мен аяқ киім, жатын жаймалары мен дәретханаға қажеті заттарды сонымен қатар үш күндік тамақ (киімдер мен тамақты чемоданға немесе сөмкеге салған жөн) алыңыз;
- қауіпсіз ауданға көшу үшін белгіленген уақытта эвакуациялық жинақтау пунктіне барыңыз.

Кенеттен су басса :

- үрейленбей, сабырлылық танытыңыз;
- тез арада жақын жердегі қауіпсіз, биік жерге шығуға тырысыңыз, сумен сонымен қатар қолда бар жүзу құралдарының көмегімен көшуге тырысыңыз;
- егер бұл мүмкін емес болған жағдайда жоғарғы қабатқа немесе үйдің шатырына шығыңыз;
- су көтерілген жағдайда шатырға ал су тез көтерілген жағдайда – үй шатырының қырына шығу керек;
- балалар, ауру, әлсіз, жаураған адамдарды өзіңізге немесе шатырдың берік бөлігіне мысалы пеш құбырына байлаңыз;
- ағаштарға, бағандар мен сенімсіздік тударатын құрылыстарға шығуға б[illegible]майды. Олар су тасқынымен қозға[illegible]п құлауы мүмкін;
- құтқарушылардың назарын аудару үшін үнемі апат дабылын беріп отырыңыз; күндізгі уақытта жоғары жерде ақ немесе түсті мата іліңіз, ал түнгі уақытта жарық дабылын беріңіз;
- құтқарушылар келгенге дейін жоғарғы қабатта және биік жерлерде қалыңыз;
- өз бетіңізбен көшіруді тек зардап шегушіге тез арада медициналық көмек көрсету қажет болғанда, тамақтың жоқтығынан, құтқарушылардың келуіне сенімсіздік туғанда немесе жай - күй нашарлағанда жүзеге асыруға болады;
- өз бетінше көшіруде жеке қайықтар мен катерлерді, бөренелер мен басқа да қолда бар құралдарды пайдаланыңыз.

Су қайтқаннан кейін:

- үй қирауы қауіпсіздігінің жоқтығына көз жеткізу үшін, үйді мұқият қарап шығу;
- ішкі бөлмелерді жарықтандыру үшін шырпыны немесе шамдарды қолданудан сақ болу (жарықтандыру үшін электрлі жарық түсіргіштер қолдануға болады);
- үзілген немесе жалғанбаған электрлі сымдардан сақтану;
- есте ұстаңыз, мамандардың электр торабын тексергенге дейін электр құралдарын қосуға тыйым салынады;
- қираған немесе нұқсан келген су құбырлары, газ және канализация магистральдары туралы тез арада коммуналды қызметтер мен ұйымдарға хабар беріңіз;
- суда қалып қойған азық түлікті санитарлы-эпидемиологиялық қызметтің тексерісінсіз тамаққа қолдануға тыйым салынады;
- су басқан жерлердегі құдықтарды міндетті түрде дезинфекциялау қажет.

**Б.Исабеков**
**Нұра ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы.**

## 16 наурызда сағат 17-00-де аудандық Мәдениет үйінде




### Құттықтаймыз !

Көбетей ауылының тұрғыны Маташева Шәпен Қалтайқызын 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасына береке, амандық тілейміз және төмендегі жыр жолдарын жолдаймыз.

Туған күніңіз құтты болсын,
Жасыңа жас, басыңа бақыт қонсын!
Балалардың қызықтап қуанышын,
Жасыңыз ел қызығар 100-ге толсын!

Алпыстың мініп бүгін пырағына,
Өмірдің еш қайыспай сынағына.
Жаратқан бақытты, ұзақ ғұмыр берсін!
Жүз жасап, шөпшегіңді кезің керсін!
60 жыл, арқалы той құтты болсын!
Немере-шеберелер үйге толсын!
Жиналып туған-туыс, жақын-жуық,
Алдағы ғұмырыңыз нұрға толсын!

**Ізгі ниетпен : 1979 жылы бітірген түлектеріңіз. № 107**

### Поздравляем

**Мукатаеву Айгүлім с днем рождения!**



Тебе уже 15 лет –
Ты взрослая почти,
И впереди весь белый свет
И добрые пути.
Учись, расти, здоровой будь,
Успехов достигай,
Друзей своих не позабудь,
Родных не обижай.
Пусть улыбается тебе
Счастливая звезда
И будет все в твоей судьбе
Исполненным всегда!

**С поздравлением: ата-апа, мама, Қуаныш-Дана, Назгуль, Аяжан, Олжас, Адиль**
№ 109

---

Нұра ауданы әкімі аппаратында және жергілікті атқару органдарында сенім телефондары жұмыс істейді. Бұл телефондарға мемлекеттік қызметкерлер Ар-намыс кодексін, коорупциямен күрес және мемлекеттік қызмет туралы заңдарын бұзған мемлекеттік қызметшілері жайында хабарлауға болады:

-Нұра ауданы әкімінің аппараты – 21-7-21
-Нұра ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі - 21-0-49
-Нұра ауданының құрылыс бөлімі – 22-4-56
-Нұра ауданының тұрғын 8 үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі – 22-6-27
-Нұра ауданының ішкі саясат бөлімі -21-3-21
-Нұра ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі 22-6-07
-Нұра ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі - 21-8-30
-Нұра ауданының қаржы бөлімі 22-5-37
-Нұра ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі 22-3-70
-Нұра ауданының жер қатынастары бөлімі – 21-0-94
-Нұра ауданының білім беру белімі – 21-8-98
-Нұра ауданының кәсіпкерлік бөлімі -22-1-22
-Нұра ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі 22-6-20
-Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі – 22-6-46.

В аппарате акима Нуринского района и в местных исполнительных органах Нуринского района работает телефоны доверия, по которым можно сообщить информацию о фактах нарушения служащими норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией:

- Аппарат акима Нуринского района -21-7-21
- Отдел архитектуры и градостроительства 21-0-49
- Отдел строительства -22-4-56
- Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог – 22-6-27
- Отдел внутренней политики -21-3-21
- Отдел культуры и развития языков -22-6-07
- Отдел экономики и бюджетного планирования – 21-8-30
- Отдел финансов - 22-5-37
- Отдел сельского хозяйства - 22-3-70
- Отдел земельного отношений -21-0-94
- Отдел образования – 21-8-98
- Отдел предпринимательства - 22-1-22
- Отдел физической культуры и спорта - 22-6-20
- Отдел занятости и социальных программ – 22-6-46

«Қарағанды облысының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті» Нұра ауданы бойынша басқармасы мемлекеттік мекемесінде 22-2-65 сенім телефоны жұмыс істейді. Бұл телефонға мемлекеттік қызметкерлер Ар-намыс кодексін, коррупциямен күрес және мемлекеттік қызмет туралы Заңдарың бұзған бөлімнің қызметкерлері жайында хабарлауға болады.

В государственном учреждении «Управление Департамента государственного санитарно-эпидемиологического надзора Карагандинской области» по Нуринскому району работает телефон доверия 22-2-65, по которому можно сообщить о фактах нарушения сотрудниками норм Кодекса чести госслужащих, законодательства о госслужащих и борьбе с коррупцией.

Нұра ауданы бойынша салық басқармасы салық басқармасы қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды бұзу фактілері женінде ақпаратты 22-2-84 телефоны бойынша хабарлай аласыздар.

ГУ Налоговое управление по Нуринскому району сообщает, что в налоговом комитете функционирует телефон доверия: 22-2-84, по которому Вы можете сообщить информацию о нарушениях сотрудниками налогового комитета Кодекса чести государственных служащих РК, законодательства о государственной службе, о борьбе с коррупцией.

---

Консультирует врач

## Зубная боль- как реагировать?

Зубная боль, как всегда настигает в самое неподходящее время- в разгар рабочего дня, воскресенье или для полной «радости», ночью, даря вам несколько незабываемых часов наедине с зубной болью, в течение которых ваше единственное желание- сделать резкую боль более терпимой, чтобы дожить до профессионального лечения у стоматолога.

Самый простой выход напрашивается сам собой- обезболивающие препараты. Но по известному всем закону их не оказывается под рукой, когда настигает зубная боль. Не пойдете же вы будить соседей в три часа ночи ради одной таблетки? Попробуем обойтись своими силами!

Хорошо снимает зубную боль стакан отвара шалфея .Берется столовая ложка шалфея на стакан кипятка, заваривается и теплым отваром полощется рот. Старайтесь подольше держать отвар у больного зуба. Повторите полоскание несколько раз в течение получаса. Если нет шалфея, можно таким же образом использовать гвоздику ,календулу или мяту- эти лекарственные растения обладают противовоспалительными и дезинфицирующими свойствами.

Зубную боль также можно заморозить. По исследованиям ученных, втирание кубика льда в участок кожи между большим и указательным пальцами уменьшает зубную боль. Процедуру необходимо производить в течение примерно 7 минут на той же стороне тела, где находися больной зуб, до тех пор, пока на этом участке не онемеет. Если вам повезет, то после одной из проделанных манипуляций вы даже сможете поспать. Но не забудьте утром сходить к стоматологу,- ведь ваши проблемы еще не кончились, и зуб за ночь сам по себе не вылечился! Боль-это главный защитный механизм, созданный природой для предупреждения нас о грозящей опасности Зубная боль не исключение. И как не парадоксально это звучит, зубная боль спасает нас, она сигнализирует о серьезных проблемах, и чем она сильнее, быстрее нужно бежать за помощью стоматолога.

Не игнорируйте это предупреждение. Ведь причин возникновения зубной боли может быть много. Например, кариес сам по себе не вызывает постоянную зубную боль, он дает о себе знать лишь при употреблении в пищу сладкого, кислого или соленого из-за повреждения эмали, что, правда,тоже требует скорейшего лечения у стоматолога.

Но если инфекция проникла глубоко в зуб и достала до нерва, то тогда и появляется, знакомая не понаслышке практически каждому взрослому человеку зубная боль.Она сверлит или пульсирует и дергает, отдает в ухо или висок, а в особо тяжелых случаях может даже распухнуть щека.Также причиной резкой пульсирующей зубной боли,может быть,воспаление тканей вокруг верхушки зуба –десна при этом распухает, а до самого зуба дотронуться невозможно.В первом случае нужно спасать нерв, а во втором –сам зуб.

Так что лучшим средством от зубной боли остается визит к стоматологу. Только он сможет распоснать причину зубной болезни, о которой вы даже не догадывались, и основательно прекратить разрушительный процесс болезни, и спасти вас от возможных осложнений зубного воспаления- абсцесса,флегмоны,остемиомиелита, при которых единственным спасением будет серьезное хирургическое вмешательство.

А если уж вам предстоит длительная поездка, командировка или отдых, то к стоматологу, даже на всякий случай, стоит сходить заранее.

Но многие люди мучаются не от острой зубной боли, а от вполне вроде бы терпимой ноющей, но практически постоянной.Как правило, причина этого-хроническое воспаление десен, которые периодически становятся покрасневшими, припухшими, и кровоточат при малейшем прикосновении.Обычно вы сами в этом виноваты-плохо соблюдаете гигиену рта, не убираете вовремя зубной налет. Хотя такое состояние может быть и признаком некоторых болезней крови,обмена веществ,аллергии.

В любом случае, кроме полноценного лечения у стоматолога и удаления зубного налета ,вам придется пересмотреть свои ,методы ухода за зубами, и строго соблюдать Все правила чистки зубов ,десен и языка , и полоскать рот настоями шалфея или
ромашки. Только уделив такому лечению, достаточно времени и внимания, вы избавитесь от воспаления в деснах и предотвратите преждевременное выпадение зубов.

В любом случае при возникновении зубной боли необходимо срочное обращение к стоматологу.

**Б. Ержанова, зубной врач.**

---

Тіл-байлығын

## Ұлтжанды Адам бол!

Бірнеше жылдарға созылған орыстанудың әбден бойға, қанға сіңуіне орай, балабақшаларда, мектептерде орыс тіліне негізделген тәрбиенің нәтижесінде әлі күнге дейін бүгінгі ұрпақтың біразы осып бетке айтатын, айтылған әрбір сөзге астарлы мағына бермей, тура қабылдайтын қадірін жете түсінбейтін адам болып өсіп келе жатқандары баршылық. Олар өздеріне «жаңа қазақпыз» деп айдар тағып, қатынас құралы ретінде орыс тілін таңдап алған. Бұл дегеніміз әлі де қазақ тіліне жаны ашитындар санының аздығы. Осыдан кейін мен «Тіл жанашыры, қайдасың?» деп ұран тастағым келеді.

Ана тілінің қадірі туралы бірмысал келтіре кетейін. Бәрімізге аян, Ф.Энгельс жан-жақты адам болған. Көп тілде сөйлеп, көп тілде жаза білген. Бір күні оны жақтырмайтын адамдары «осы расында да көп тіл біле ме екен?» деп Энгельспен сөйлесу үшін бір адамды жұмсайды. Энгельске келіп жүздескен адам оны ағылшын тілінде сөзге тартады. Ф.Энгельс оған: «Әй, сорлы, ирландық, сенің өзіңнің ана тілің бар емес пе? Сен менімен неге ана тіліңде сөйлеспейсің?» деген екен. Ирландық Энгельске риза болып, аяғына жығылып, одан кешірім сұраған екен.

Ана тілінің қадірін түсіне білу мақсатында мектебімізде «Тіл – жұтамас байлық» атты айдармен тіл жанашырларының сайысы еткен болатын. Өзінің сөздерімен, болашаққа деген зор сенімімен, ащы да тұщы, намысты сөздерімен 7 сынып оқушысы Абдрашитов Нұрболат жеңіп шыққан болатын. Нұрболаттың осы сөздерінен кейін «болашақ» ана тілін қадірлей білуге үйренеді деген үміттемін.

«Тіл – жұтамас байлық,
Тіл бағауын бұза алмаған,
Кісендеулі ей, қазақ!
Ана тілін үйрене алмай,
Әркімге жүр боп мазақ.
Тілін, дінін, ділін сүймей
Ақымақ болған ей, қазақ!
Ана тілді құрметтеңдер!
Үйреніңдер ынта сап.
Ата-бабам тастап кеткен,
Тілім – менің байлығым!
Қазақ тілді, қазағымды
Торламасын қайғы, мұң!

Осындай өлең жолдарынан кейін мен тіл жанашыры ретінде ұлтын сүйгім, парасатты, мәдениетті, ұлтжанды адам болыңдар деп айтқым келеді.

**А.Д.Алимова ,**
**Баршын орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

---

### Тағзым



Жалғыздық жанға батты, жасырмаймын. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» деген рас екен. Мұны өмірлік серігім Ғалия кеткен соң аңғардым .«Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан» Міне, оның фәниден бақиға аттанғанына да терт жыл уақыт өтіпті. Тура төрт жыл. Бұл мен үшін ғасырға тең уақыт. Кездің жасын көл етіп, жұма сайын құран бағыштаудан басқа қолдан келер дәрмен қане?!

Осы төрт жыл ішінде қаншама қилы-қилы оқиғалар болды. Өзің бағып-қағып өсірген немерең Аяулым 3-ші сыныпты бітіреді, Айтуғаның колледждің соңғы курсында. Ел қонаққа шақырса да, жалғыз барып, шоқиып отырып, үйге жалғыз қайтамын. Алғашқы күндері Ғалиям қайтып оралардай болып, есік жаққа қарай беретінмін. Тіпті, маң-маң басып келе жатқан шығар деп, сан мәрте терезе алдына жетіп барғанымды да аңғармай қалатынмын

Жаның жәнаттың төрінде болсын, асыл жар, қайран Ғалияшым!

**Сағына еске алушылар : жары – Шора, балалары : Абзал –Самал, Ажар-Нұржан, Айтуған, Аяулым, жиендері – Досым, Мәдина № 104**

### Еске алу



Киевка кентінің тұрғыны асыл жар, аяулы әке, сүйікті ата Гизатулин Фанауи Ғалымжанұлының фәниден бақиға озғанына наурыз айының 14- ші жұлдызында 40 күн толып отыр. Асқар таудай әкеміздің орны ойсырап, жүрегімізді сыздатады. Әке тұлғасы мен мейірімін сағынып еске аламыз. Жатқан жеріңіз мамық, топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта болсын жан әке!

Жан едің орны толмас бала үшін,
Сүйеніш серік едің жарың үшін.
Оқыста арамыздан алып кеткен.
Қайтерсің бір Алланың дүлей күшін?
Көнеміз бұл тағдырдың салғанына,
Анамыз аман жүрсін ортамызда.
Жұлдыздай ағып еткен бұл өмірден,
Бейнеңіз қалды, әке санамызда.

**Еске алушылар : жұбайы Сарбикамал, балалары, келіні, немерелері**

*Әкеміздің қырқына орай 14- наурызда сағат 13.00 де «Динара» мейрамханасында құдайы дәм беріліп, дұға бағышталады.*
№ 112

---

Нуринский райком профсоюза учителей, Отдел образования и спорта, Киевская средняя школа № 3, выражают глубокое соболезнование учителю физкультуры Винтерголлеру Игорю Владимировичу по поводу кончины **жены Елены**

---

Нуринский райком профсоюза учителей, Отдел образования и спорта, средняя школа имени Сейфуллина, выражают глубокое соболезнование ветерану педагогического труда Колтуновой Любовь Григорьевне по поводу кончины **матери Марии Ивановны**

---

Нұра аудандық мұғалімдер кәсіподақ ұйымы, білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі, Пушкин орта мектебінің ұжымы осы мектептің директоры Альханов Нурлан Сайлаубайұлына және Альханова Светлана Владимирқызына **енесі, шешесі Күләштің** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтаса отырып көңіл айтады.

---

Киевка № 3 орта мектебінің ұжымы осы мектептің математика пәнінің мұғалімі Әбдікәрімова Бота Әбілқайырқызына **жолдасы Мараттың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады

---

Нұра аудандық мұғалімдер кәсіподақ ұйымы, білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі, М.Сулейменов атындағы орта мектебінің ұжымы осы мектептің орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Тажибаева Шынар Ахметқалиқызына **әкесі Ахметқалидың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

---

Судом Нуринского района по заявлению Бектургановой Алии Балтагалиевны, жительницы с. Заречное, Нуринского района возбуждено гражданское дело о признании безвестно отсутствующего гр. Бектурганова Бауыржана Салыковича, 28.11.1973 года рождения, уроженца с. Заречное Нуринского района Карагандинской области. Последнее место жительства с. Заречное, Нуринского района Карагандинской области. Лиц имеющих сведения о местенахождения гр. Бектурганова Бауыржана Салыковича , просим сообщить в Нуринский районный суд в 3-х месячный срок со дня публикаций. № 103